

Әуликөл ауданында жер салығының базалық ставкаларын түзету туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2025 жылғы 12 қарашадағы № 357 шешімі

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 582-бабына және Әуликөл ауданының елді мекендерінің жерлерін аймақтарға бөлу жобасына (схемасына) сәйкес Әуликөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Әуликөл ауданында жер салығының базалық ставкаларына түзетулер осы шешімнің қосымшасына сәйкес жүзеге асырылсын.

Осы тармақтың ережесі Кодекстің 581-бабында көрсетілген жер учаскелеріне таратылмайды.

2. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Аудандық мәслихаттың төрағасы

Д. Қойшыбаев

Мәслихаттың

2025 жылғы 12 қарашадағы

№ 357 шешіміне

қосымша

Әуликөл ауданында жер салығының базалық ставкаларын түзету

№	Аймақ нөмірі	Жер салығының базалық ставкаларын төмендету (-) немесе өсіру (+) пайызы
1	I	+50
2	II	+40
3	III	+40
4	IV	+30